

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Етістік

ЖАРИЯЛАНДЫ
17.02.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/29178/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Қазақ тілі

Сабақтың тақырыбы: Етістік

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Жаттығулар мен тапсырмалар орындау арқылы етістік туралы алған білімдерін еске түсіру, қайталау.

Дамытушылық: Оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін байқау, дамыту.

Тәрбиелік: Оқушыларға адамгершілік және ақыл-ой тәрбиесін беру, белсенділікке, ұйымшылдыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

Сабақтың міндеті: Тапсырмалар мен жаттығулар орындау арқылы етістік туралы берілген білімді еске түсіру

Сабақтың түрі: Қайталау сабағы

Сабақтың өткізу әдісі: Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы.

Пәнаралық байланыс: Математика, ана тілі, дүниетану.

Қолданылатын стратегиялар:Топтастыру,түртіп алу,,болжау,5 жолды өлең,рафт, Венн диаграммасы т.б.

Сабақтың көрнекілігі:Суреттер,ребустар,фигуралар т.б.

Сабақтың барысы:

I.Қызығушылықты ояту кезеңі:

1)Ұйымдастыру кезеңі

2)Психологиялық дайындық

Күн жарығын алақанға саламын,

Жүрегіме басып ұстай қаламын.

Ізгі әрі жарық мейірімді,

Болып кетер дереу сонда жан-жағым.

3)Өткен сабақты бекіту

Жаңа сабақ

Миға шабуыл: 1)Сөз табы деген не? 2)Қазақ тілінде неше сөз табы бар?

-Балалар ,біздің бүгінгі сабағымыз күндегіден ерекше болмақ.Өйткені жұмыс түрлері өте көп.Сондықтан сіздерден жұмыла,белсенді жұмысқа кірісулеріңізді сұраймын.

-Үстел үстінде 3 түрлі фигура қиындылары бар.Әркім өзіне ұнағанын тандап алады.

-Бұлар қандай фигуралар?

-Геометриялық фигуралар

-Мінеки,фигуралар арқылы жаңа жұмыс тобын құрдық.Осы топтар бойынша жұмыс жүргізіледі.

-Ал енді бәріміз тақтадағы ребусқа қараймыз.Ребусты шешіп көрейік.

Екі етіктің суреті және ортасында «С» әрпі бар ребус.Шешуі:Етістік.

II.Мағынаны тану кезеңі:

Онда етістік туралы жалпы не білетініміз туралы топтастыру жасау.

Анықтамасы





Жасалуы

Дара



Болымды

Күрделі

Болымсыз

Туынды

Негізгі

380 -жаттығу

Түртіп алу стратегиясы бойынша мәтін таратылып,жұмыс

жүргізіледі.

V білемін — білмеймін + жаңа ақпар ? таңғалдырады

Сөздікпен жұмыс: Месопатамия-Кіші Азия және Қиыр Шығыс мемлекеттерінің елі; шық себет-қол өнермен жасалған корзина; қыш кітап-керамика, яғни балшық, құм, жер құрамын суға езіп, арнайы қалыпқа салып, оған деректер жазып, кептіріп, отқа қақтайды.

381-жаттығу

Жұмбақты шешіп, оны жатқа жазу

1-топқа: жұмбақты тақтаға жазып, етістіктің астын сызу, сұрақ қою.

II-топқа: етістіктің дара немесе күрделі екенін анықтау.

III-топқа: дара етістікті күрделі етістікке айналдыру.

382-жаттығу Сурет ілінеді.

-Келесі тапсырма не туралы екенін анықтау.

Кодоскоптан мәтіннің үш бөлігі оқылып, үг болжау сұрағы қойылады.

-Әрі қарай не болады деп ойлайсыңдар?

-Әрі қарай не болды?

-Ал сендер өздерің автордың орнында болсаңдар не істер едіңдер? Оқиғаны қалай аяқтар едіңдер?

383 жаттығу. I топқа: дара етістіктерді күрделі етістіктерге айналдырып, сөйлем құрау; II топқа: мына сөздер қай сөз табы? Осы

сөздерден етістік жасап, сөйлем құрау; III топқа: Мына берілген сөздер қай сөз табы? Осы сөздерден етістік жасап сөйлем құрау

III. Ой толғаныс кезеңі:

I топқа 382-жаттығудағы Шанаға 5 жолды өлең құрастыру

II топқа Зат есім мен етістікті салыстыру Венн диаграммасы арқылы салыстыру

III топқа «Етістікті дұрыс меңгер!» тақырыбында рафт құрастыру.

Бағалау

Үйге тапсырма: Көркем әдебиеттен болымды және болымсыз етістіктерге 3-4 сөйлем жазып, етістіктерді сөйлем құрамына талдау.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.